

Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныны

Талдықорған қаласы

05 маусым 2026 жыл

Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шарасы жөніндегі жиналысының № 2 хаттамасы (қысқаша).

Қатысқандар: ШЖҚ «Облыстық қан орталығы» МКК әкімшілік бөлімінің қызметкерлері, комплаенс офицер міндетін атқарушы.

КҮН ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы талаптарының орындалуы туралы.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі міндеттері мен функциялары туралы.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар туралы.

ТЫҢДАЛДЫ

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті ұйымдастыру жөніндегі үлгілік ереженің негізгі қағидаларын түсіндірді. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, мүдделер қақтығысын болдырмау, әдеп нормаларын сақтау мәселелеріне назар аударылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау қамтамасыз етілсін.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын.

3. Мүдделер қақтығысының туындау тәуекелдерін анықтау және алдын алу шаралары күшейтілсін.

4. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына тұрақты мониторинг жүргізілсін.

Комплаенс офицер, заңгер



М. Жасузаков
05.06.2026 ж.